

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 80 "
Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін сатып
алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін бекіту туралы"
қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 170 қаулысы
. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 мамырда
№ 5961 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 25 мамырдағы № 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.05.2020 №
168 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы
сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан
Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы
" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8
шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды
мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-7) тармақшасына,
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26
қарашадағы № 3-2/615 "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін
тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау
қағидаларын бекіту туралы"бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 10087 болып тіркелген) Өңдеуші
кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін
оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларының 11-тармағына сәйкес
Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 80 "
Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін сатып
алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін бекіту туралы"
(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4491
болып тіркелген, 2016 жылғы 28 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік

құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2016 жылғы 13 мамырда "Дидар", 2016 жылғы 12 мамырда "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған субсидиялар нормативін бекіту туралы";

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған субсидиялар нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің
2019 жылғы "20" мамырдағы
№ 170 қаулысына қосымша

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің
2016 жылғы 24 наурыздағы
№ 80 қаулысымен Бекітілді

Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған субсидиялар нормативі

р/с №	Ауылшаруашылық өнімінің атауы	Тереңдете өңделетін өнімдердің атауы	Сатыпалынатын ауылшаруашылық өнімінің бірлігіне субсидиялар нормативі, теңге/л және теңге/кг
1	Сүт	Сары май	41,0
2	Сүт	Ірімшік	22,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК